

**aceline**

Пайдалану  
бойынша нұсқаулық



**Aceline INC-1400**  
**индукциялық электр**  
**плиткасы**

# Мазмұны

Құрылғының арналуы.....	5
Сақтық шаралары .....	5
Ыдысты таңдау.....	6
Құрылғының сұлбасы .....	7
Пайдалану нұсқаулығы .....	7
Тазалау және күтім жасау.....	9
Ықтималды проблемалар және олардың шешімі.....	10
Техникалық сипаттамалар.....	11
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары .....	11
Қосымша ақпарат .....	12

## Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз.

Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының арналуы

Электр плиткалары дайын өнімдер мен тағамдарды дайындауға, сондай-ақ жылытуға арналған.

## Сақтық шаралары

- Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне дәл сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны жылу көздеріне (жылытқыштар, жылыту батареялары және т.б.), ыстық беттерге (электр немесе газ плиталары) жақын қоймаңыз.
- Құрылғыны тек қатты тегіс көлденең бетке, қабырға мен үстел шетінен кемінде 10 см алыс орнатыңыз.
- Электр тогымен жарақаттануға жол бермеу үшін электр құрылғыны, оның қуаттау сымын немесе айырын суға және басқа сұйықтықтарға батыруға болмайды.
- Құрылғыны өздігіізбен ашып бөлшектеп, жөндеуге тырысушы болмаңыз. Егер құрылғының жұмысында ақаулар болса, оны дереу тоқтатыңыз және уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Біліктілігі жоқ тұлға орындап жасаған жөндеу пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайларға апарып соқтыруы әбден мүмкін.
- Құрылғыға зақым келтірмеу немесе жарақат алмау үшін, өрттің шығуына және электр тогымен зақымданбау үшін өндіруші ұсынбаған аксессуарларды пайдаланбаңыз.
- Құрылғының кейбір бөліктері жұмыс барысында қатты қызады. Күйіп қалмау үшін ыстық беттерді қолмен ұстамаңыз.
- Электр құрылғысының үстіне метал және магнитті заттарды қоюға болмайды.
- Тым қатты ысып кетпеуі үшін бос ыдысты қосылған электр құрылғысына қоймаңыз.
- Қосұлы құрылғыны жылдам тұтанатын объектілерден және материалдардан аулақ ұстаңыз.
- Сымы немесе ашасы бүлінген құрылғыны пайдалануға болмайды. Қуаттау сымын ауыстыру үшін өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Бұл құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналып жасалмаған. Балаларға осы құрылғымен ойнамауға рұқсат бермеңіз.

- Өрттің алдын алу үшін құрылғының астына қағаз, мата және басқа материалдар қоюға болмайды.
- Балалардың қасында құрылғыны қолданған кезде абай болыңыз.
- Құрылғының бетін үнемі тазалап тұрыңыз.
- Құрылғыны кілемге қоюға болмайды.
- Осы нұсқаулықта сипатталғаннан басқа мақсаттар үшін құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғы тек қана тұрмыстық үй жағдайында пайдалануға арналған.
- Пайдаланылмаса, сондай-ақ тазаламас бұрын құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құрылғының бетін метал жөкемен және үшкір заттармен тазалауға болмайды.
- Желдеткіш тесіктерін бітемеңіз.

## Ыдысты таңдау

### Үйлесімді ыдыс

Магниттелетін кез келген ыдысты пайдалануға болады.

Индукциялық плиткада тамақ пісіру үшін болат, шойын, эмальданған ыдысты, тот баспайтын болаттан жасалған индукциялық плиткаға арналған ыдысты, түбі тегіс табаны және кәстрөлді, эмальданған болаттан жасалған, жабыспайтын жабыны бар ыдысты пайдалануға болады.

Ыдыстың түбінің диаметрі 12–26 см болуы керек. Диаметрі одан аз ыдысты жылыту аймағының ортасына қойыңыз.



Эмальданған  
болат ыдыс



Болат немесе  
эмальданған  
шәйнек



Шойын қазан



Темір  
қазан



Тұтқасы бар  
терең шойын  
таба



Тот баспайтын  
болаттан жасалған  
кәстрөл




Темір кәстрөл

### Үйлеспейтін ыдыс

Түбі бедерлі немесе аяқтары бар түбімен, диаметрі 12 см аз, ыстыққа төзімді әйнектен, керамикадан, алюминийден, ферромагниттік қасиеті жоқ тот баспайтын болаттан немесе шойыннан жасалған ыдысты пайдалануға болмайды. Сәйкес келмейтін ыдыста тамақ пісіруге мүмкіндік беретін арнайы метал тұғырды (жиынтыққа кірмейді) пайдалануға болады.

**Назар аударыңыз:** ыдысты плитаға қояр алдында түбін құрғатып сүртіңіз.

## Құрылғының сұлбасы



1. Әйнек керамикалық жабын.
2. Конфорка.
3. Басқару панелі.

## Пайдалану нұсқаулығы

1. Жарайтын ыдысты конфоркаға қойыңыз.
2. Қуаттау сымын электр желісіне қосыңыз да, «Қос./Өшір.» түймесін басыңыз.
3. Тамақ пісірудің қажетті режимін таңдаңыз. Қалпыты жағдайдағы режим — «Мультитаспазшы».
4. Жұмыс режимін ауыстыру үшін тиісті режимнің түймесін басыңыз.
5. Құрылғыны қосу үшін «Қос./Өшір.» түймесін басып, қуаттау сымын электр желісінен ажыратыңыз.

## «Мультиаспазшы» режимі

1. «Мультиаспазшы» түймесін басыңыз, тиісті режимінің индикаторы жанады. Дисплейде «1400» көрсетіліп, қолданылатын қуат қалыпты жағдайда 1400 Вт екенін білдіреді.  
Қуат деңгейін «+» және «-» түймелерімен реттеңіз.  
Құрылғының 8 қуат деңгейі бар:  
700 — 750 — 800 — 850 — 1000 — 1100 — 1300 — 1400 Вт.
2. 2 сағат бойы жұмыс істемей тұрса, құрылғы автоматты түрде өшеді.
3. Таймердің бұл режимдегі максималды уақыты – 4 сағат.

## «Қуыру» режимі

1. «Қуыру» түймесін басыңыз, тиісті режимінің индикаторы жанады. Дисплейде «240°» көрініп, қалыпты температура 240 °С екенін білдіреді.  
Температураны «+» және «-» түймелерімен реттеңіз.  
Құрылғының 8 температура деңгейі бар:  
80 — 100 — 130 — 160 — 180 — 200 — 220 — 240 °С.
2. 2 сағат бойы жұмыс істемей тұрса, құрылғы автоматты түрде өшеді.
3. Таймердің бұл режимдегі максималды уақыты – 4 сағат.

## «Сорпа» режимі

1. «Сорпа» түймесін басыңыз, тиісті режимінің индикаторы жанады. Дисплейде «1000» көрсетіліп, қолданылатын қуат қалыпты жағдайда 1000 Вт екенін білдіреді. Қуат деңгейін «+» және «-» түймелерімен реттеңіз.  
Құрылғының 8 қуат деңгейі бар: 700 — 750 — 800 — 850 — 1000 — 1100 — 1300 — 1400 Вт.
2. 2 сағат бойы жұмыс істемей тұрса, құрылғы автоматты түрде өшеді.
3. Таймердің бұл режимдегі максималды уақыты – 4 сағат.

## «Қайнату» режимі

1. «Қайнату» түймесін басыңыз, тиісті режимінің индикаторы жанады. Дисплейде «1400» көрсетіліп, қолданылатын қуат қалыпты жағдайда 1400 Вт екенін білдіреді.  
Бұл режимде қуатты реттеу мүмкін емес.
2. 20 минут бойы жұмыс істемей тұрса, құрылғы автоматты түрде өшеді.
3. Таймердің бұл режимдегі максималды уақыты — 23 сағат 59 минут.



## «Ботқа» режимі

1. «Ботқа» түймесін басыңыз, тиісті режимінің индикаторы жанады. Дисплейде «1000» көрсетіліп, қолданылатын қуат қалыпты жағдайда 1000 Вт екенін білдіреді. Бұл режимде қуатты реттеу мүмкін емес.
2. Қуаты дайындау басталғаннан кейін 20 минут өткенде автоматты түрде 800 Вт дейін түседі. 2 сағат бойы жұмыс істемей тұрса, құрылғы автоматты түрде өшеді.
3. Таймердің бұл режимдегі максималды уақыты — 23 сағат 59 минут.

## «Сүт» режимі

1. «Сүт» түймесін басыңыз, тиісті режимінің индикаторы жанады. Дисплейде «80°» көрініп, қалыпты температура 80 °C екенін білдіреді. Бұл режимде температураны реттеу мүмкін емес.
2. 20 минут бойы жұмыс істемей тұрса, құрылғы автоматты түрде өшеді.
3. Таймердің бұл режимдегі максималды уақыты — 23 сағат 59 минут.

## Таймерді орнату

1. Тамақ пісірудің қажетті режимін таңдаңыз.
2. «Таймер» түймесін басыңыз, тиісті индикатор жанады. Дисплейде қалыпты жағдай бойынша «0» көрінеді.
3. «+» және «-» түймелері арқылы қадамы 1 минут болатындай етіп қажетті уақытты белгілеңіз.
4. «Таймер» түймесін 3 секунд бойы басып тұрып уақытты баптаңыз.
5. «Таймер» түймесін уақыт баптауын сақтау үшін басыңыз немесе индикатор жыпылықтауын тоқтатқанша күтіңіз.

## Тазалау және күтім жасау

1. Құрылғыны өшіріп, оны электр желісінен ажыратыңыз. Құрылғы толығымен суығанына көз жеткізіңіз.
2. Құрылғының бетін суланған жұмсақ шүберекпен немесе бейтарап тазарту құралымен тазартыңыз.
3. Су тартатын саңылауын арнайы қылшақпен немесе мақта таяқшаларымен шаңнан және ластан тазартыңыз.
4. Құрылғыны суға батыруға болмайды.
5. Ұзақ уақыт сақтағанда қуат сымын орап, құрылғыны құрғақ жерге қойыңыз.

## Ықтималды проблемалар және олардың шешімі

Проблема	Себебі	Шешімі
Құрылғы қосылмайды	Электр желісінде қуат жоқ.	Электр желісінің қуатын тексеріңіз.
	Құрылғы қосылмаған	Құрылғыны электр желісіне қосыңыз.
	Қуаттау кабелі жұмыс істемей тұр.	Кабельді өкілетті сервистік орталықта ауыстырыңыз.
Дыбыстық сигнал беріледі.	Конфоркаға ыдыс қойылмаған / басқа түрлі ыдыс қойылған	Жарайтын ыдысты қойыңыз
	Ыдыстың диаметрі 12 см төмен	Диаметрі 12 см жоғары ыдысты қойыңыз
Конфорка жұмыс істемей тұр	2 сағат бойы жұмыс істемей тұр	Режимді/таймерді орнатыңыз
	Ыдыс бос	Ыдысты толтырып конфоркаға қойыңыз
Е0 қатесі	Конфоркаға ыдыс қойылмаған / басқа түрлі ыдыс қойылған	Жарайтын ыдысты қойыңыз
Е1 қатесі	Кернеу төмен	Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
Е2 қатесі	Кернеу жоғары	Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
Е3 қатесі	Құрылғы қызып кеткен	Құрылғыны өшіріп, толықтай суытыңыз
Е4 қатесі	Сенсорлық панель ақаулы	Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
Е5 қатесі	Транзистор ақаулы	Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
Е6 қатесі	Панель датчигі қысқа тұйықталған	Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Жоғарыдағы әдістер проблеманы шешпесе, құрылғыны желіден ажыратып, өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

## **Техникалық сипаттамалар**

- Үлгісі: INC-1400.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Қуат параметрлері: 220–240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 1400 Вт.
- Қуат пен температураның 8 қуат деңгейі.
- Әйнек керамикалық жабын.
- Конфоркалар саны: 1.
- Таймер функциясы.
- Басқару түрі: батырмалы.
- Қолдану аясы: тұрмыстық.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары**

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында өндірушінің қаптамасында 5°C – 40°C аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Үй жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау бекетіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Чжуншань Ай Ли Пу Электрикал Эпплайенс Ко., Лтд.  
В-ғим., №9, Фэншо тас жолы, Наньтоу, Чжуншань қ., Гуандун пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12,  
Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа  
ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР "Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Құрылғының сырт келбеті, спецификациясы және өнім туралы ақпарат пайдаланушыға хабарланбай өзгертілуі мүмкін.  
Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.7



# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.  
Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>





**aceline**